**«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының Әл-Фараби атындағы IT лицейі» КММ-ның 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының мәтіндік есебі**

**Тәрбие мақсаты:** адамгершілігі жоғары, ертеңгі күннің экономикасы талап ететін экономикалық перспективаларды алдын ала болжап, IT саласында қолданатын, ҚР азаматтарының игілігі үшін қызмет етуге дайын, идеяларын дамыта алатын елінің ұлтжанды азаматын қалыптастыру.

ҚР БҒМ-нің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, 8 бағыты бойынша тәрбие жұмысы іске асырылды.

«Әл-Фараби атындағы IT лицейі» КММ-нің 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты (құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде жобалар бойынша тәрбие жұмыстарын ұйымдастырылды.

2021-2022 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар басшылыққа алынады:

✓ «Оқуға құштар мектеп»;

✓ «Отбасы – орта мектеп»;

✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;

✓ «Дара тұлға»;

✓ «Қазақтың 100 әні»;

✓ «Қоғамға қызмет»;

✓ «Дебат» қозғалысы;

✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымы;

**Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.**

**Тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар**

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына және жобалар бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып, төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбие» білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық өзіндік санасезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлықзомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастырады. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие бағыты бойынша Білім
күніне арналған алғашқы сабақ «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында өткізілді.
Ағымдағы оқу жылының 1.09 күні өскелең ұрпаққа білімге құштарлығын қалыптастыру және жаңа оқу жылының алдында мереке атмосферасын құру мақсатында 1 қыркүйек – Білім күніне арналған 1-11 сынып оқушыларымен «Сыңғырла, күміс қоңырау» атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары Әнұранмен басталып, «Мен – өз елімнің патриотымын», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл», «Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл» тақырыптарымен жалғасты. Сынып сағаты барысында оқушылар дана, әрі дара тұлға Абай өлеңдерін жатқа айтып, елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін патриоттық өлең жолдарымен жеткізе білді.

2018 жылғы қазандағы қалалақ білім бөлімінің ережесі негізінде мектеп-лицейішілік «Адал ұрпақ » клубын құру туралы бұйрық шығарылды. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. «Парасатты азамат» бұрышы толықтырылып,жаңартылды. Қашықтықтан 2020 жылдың 24 қыркүйек күні ZOOM платформасы арқылы 5-11 сынып оқушылары құрамынан клуб мүшелігіне оқушылар қабылданып, жаңа оқу жылына клуб мүшелерінің құрамы толықтырылып, үш секцияға бекітілді.

Қалалық білім бөлімінің 6.01.2020 жылғы жоспарына сәйкес «Ақмола – адалдық аланы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жобасы негізінде жоспар құрылып, бекітілді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» 1-11 сынып оқушыларымен, лицей ұжымымен ақпараттық-түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді.

Ағымдағы оқу жылының қалалық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес Әл-Фараби атындағы IT лицейінде «16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күніне» орай іс-шаралар жоспары құрылып бекітілді. Отанды сүюге, ел байлығын қорғауға, болашақ Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін ұғындыру; еліміздің тәуелсіздік алғалы 29 жыл ішіндегі жеткен жетістіктерімізбен таныстыру; бүгінгі Тәуелсіздікке қалай қол жеткенін зерделеу, оларды Отаны үшін отқа түсетін ел жанды, ел Азаматы етіп тәрбиелеу мақсатында түрлі формада іс-шаралар ұйымдастырылды.

«16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күні» тақырыбында бейнеқұттықтау ұйымдастырылды. 1-11 сыныптарда «Мәңгілік елдің рухани жаңарған кемел келбеті» таырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

5-11 сынып педагог-ұйымдастырушыларымен «Тәуелсіздік-тынысың, бүгінгі дәулетің, ертеңгі ырысың» тақырыбьында «Шаңырақ» ОҚ жобасы өтті. 1-4 сынып жетекшілерінің, көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Естанов М.К., Байдильденова К.М. ұйымадстыруымен «Қазақстан – тәуелсіз, байтақ елім» тақырыбында суреттер панорамасы өтті.

6-7 сыныптар арасында қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері Жиенбаева М.К., Сақтағанова Н.Н. «Тәуелсіздік - тірегім» мәнерлеп оқу сайысын өткізді.

Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері Саденова А.З., Ахметжанова И.Р. «Тәуелсіздік – ел бақыты» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында эссе жазу байқауын өткізді. Информатика ӘБ мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Ұлттық рух, сана, уақыт» тақырыбында роботтар шеруін ұйымдастырды. «қазақстанның мәңгілік жері – Ұлы дала елі» тақырыбында онлайн концерт өтті.

«16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күніне» орай  жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар лицей әлеуметтік желілеріне жарияланды.

**Рухани-адамгершілік тәрбие**–адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу;
өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастырады.
Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында 5-сынып оқушыларын «Шаңырақ» ОҚ құрамына қабылдау кеші, «Карттарымызды қошеметтейміз!» құттықтаулар, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!» мерекелік кеш ұйымдастырылды. Тәуелсіз Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылықты  нығайтуға, елдегі діни , рухани келісімді сақтауға, бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясаты туралы

түсінік беру мақсатында «Рухани келісім күні» күніне орай іс – шаралар ұйымдастырылды. 1-4 сыныптар «Алғыс айту – парызым», 5-11 сынып оқушылары «Мен алғыс айтамын!» лицей қызметкерлеріне, ұстаздарына, ата-аналарына арнап бейне-ролик жасап, құттықтады.

**Ұлттық тәрбие шеңберінде** құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы арқылы іске асырылды. Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында

«Рухани қазына» бағыты аясында «қазақтың 100 әні» жобасы өз жалғасын табуда. Соған орай, бір әннің шығу тарихы белгілі композитор, дирижер, домбырашы Нұрғиса Тілендиевтың «Алатау» әніне арналды. Мақсаты: Ұлтжандылыққа, елін сүйе білуге, ұлттық музыкаға, салт-дәстүрге деген құрметін, сүйіспеншілігін оята білу. Қазақ өнерін қадірлей білуге тәрбиелеу.

«100 жаңа есім» бағыты аясында Берды Исмаханұлы Бекмағанбетовтың өмірі мен шығармашылығымен таныстыру мақсатында дара тұлға «Берды Исмаханұлы Бекмағанбетовтың өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында іс-шара өткізілді. Демек, әр аптаның бейсенбісінде өткізілген «Дара тұлға» жобасының жұмыстары да атқарылды. «Жұмбақтас» шаңырағы Бәйкен Әшімовтың оның жүріп өткен еңбек жолы мен өмірбаяны, «Тұран» шаңырағы Қорғанбек Ғалымтайұлы Аманжоловтың өмір жолы, «Зерен» шаңырағы поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы, «Бурабай» шаңырағы Қасен Бижановтың өмірі мен шығармашылығы, «Сарыарқа» шаңырағы көсемсөзші Сайлау Байбосынға арналған әдеби-танымдық жобаны өткізді.

Лицей жұмысының негізгі бағыттарының бірі - **Отбасылық тәрбие.** Лицейдегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері.1-4 сынып жетекшілер, 5-11 сынып педагог-ұйымдастырушылары ата-аналар жиналыстарын «ашық алаң», «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу», «Педконсилиум» сияқты түрлі форматта өткізіледі. Жалпы адамзаттық құндылықтардың мәнін ашу мақсатында Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы күніне» орай республикалық акциясы аясында «Отбасы – тәрбие барысы, мектеп-тәрбие жаршысы» атты тақырыбында қашықтықтан іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Менің үлкен отбасым» атты балалар сурет көрмесі, «Мейірімділік поштасы» - әжелерге , аталарға, еңбек ардагерлеріне ашық хат жіберу (онлайн) өткізілді.Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі ӘБ жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Менің сүйікті әжем», «Менің сүйікті атам» шығарма байқауы, 1-4 сынып жетекшілері, 5-11 сыныптың ПҰ «Қариялар, ақылшы даналар» фотокөрме өтті.

Ендігі кезекте біздің перзенттік парызымыз – тек мерекелерде ғана емес, қарияларды әр күні қамқорлыққа алып, көмек көрсету.

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; жаһандық экологиялықсана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға дегенсүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі.

Күз мезгілінің тіршілікке берер пайдасын түсіндіру, күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін тереңдету, еңбекті, табиғат сұлулығын сезе білу мақсатында 1-4 сыныптарда «Күз кереметі» атты күзгі көрме ұйымдастырылды. Көрмеге барлық сынып оқушылары әртүрлі жұмыстарын қойып, күздің кереметін көрсетуге ат салысты. Өз қиялдарымен күздің байлығы арқылы көкөніс, жемістерден әртүрлі мүсіндер жасап, қолшеберліктерін көрсете, жеткізе білді. 5-7 сыныптар «Арайлы Алтын Күз» тақырыбында суреттер салып, суреттер панорамасын ұсынды.

Оқушыларды табиатқа, туған өлкеге қарау, табиғи ресурстарды сақтау, өсімдік және жануарлар әлемін, су ресурстарын сақтауға үйрету мақсатында қалалық білім бөлімінің жоспары негізінде «Экосағат-қазір баста» бірыңғай сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді.

**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие** білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. Осы бағытты іске асырудың негізгі өткізілген іс-шаралар: Мұражайларға, театрға экскурсиялар, «Қош келдің, Жаңа Жыл-2022!» кеші, Алғыс айту күніне арналған «Ақ жүрекпен» көркем жұмыстар көрмесі, «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай «Ана өмірдің шуағы», «Арулар-асыл жандар» бейне-құттықтама, 1-4 сыныптарда «Ана – өмірдің қуанышы, тірегі» 5-11 сыныптарда «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында сынып сағаттары өтті. 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай іс-шаралар.

**Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын;** зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «Ұшқыр ойлы жұлдыздар», «Тәуелсіздік шежіресі», «Квест» зияткерлік сайыстар, «Лидер қандай болу керек?», «Лидерге қажетті қасиеттер мен қабілеттер» танымдық ойындар өткізді. Дебат клубы «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде ай сайын дебаттық турнирлер ұйымдастырылды.

**Дене тәрбиесі** салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті

мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты.

Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін, «Отбасылық эстафеталық ойындар», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды, Сынып жетекшілер мен педагог-ұйымдастырушылар «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!», «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» денсаулық сабақтарын, Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай сынып сағаттарын өткізді.

**Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының тиімділігі**

Лицейімізде «Өзін-өзі басқару ұйымы» және «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани -адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан белсенді өзін-өзі басқару оқушылар ұйымы өз жұмысын атқарып келеді.

Бұл ұйымның басқару жүйесін 7-11 сынып оқушылары ұйымдастырады.

Әрине, бұл ұйым тәрбие және оқу ісі бойынша атқаратын қызметіне зор көмегін тигізеді. Яғни лицей ішіндегі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда, спорттық ойындарды ұйымдастыруда және өткізуде, сондай-ақ оқушыларды түрлі білім сайыстарына тарту және қатыстыруда біршама істерді жүзеге асырып жатады. Өзін-өзі басқару ұйымы «Ұшқыр ой алаңы» дебат, «Сырғалым» қыздар клубы және «Адал ұрпақ» еріктілер клубына басшылық жасайды. Өзін-өзі басқару Мектеп Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының бірлескен жоспарына сәйкес лицейде ұжымдық шығармашылық істер, акциялар, ойындар, КВН, дебаттар ұйымдастырылады. Барлық атқарылған істер жеке инстаграм парақшасында жарияланып отырады.

**«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы**

«Шаңырақ» ұғымы қазақ үшін қашанда киелі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Шаңырақ – бірліктің, ынтымақ пен берекенің символы іспеттес. Ал, «Тұлға» ұғымы адамның әлеуметтік дамуының сапалық көрсеткіші. Ол тек қана адамның әлеуметтік орта жағдайында белгілі бір топта, бірлікте өмір сүретіні, сөйтіп ол адам қоғамдағы барлық қатынастарды, тәжірибені, құнды бағалы нысандарды, бағыттарды өз бойына сіңіріп, меңгеретіндігі, өмірде қолданатындығы айдан анық.

Демек, қоғамды одан әрі жетілдіріп, дамыта отырып, өзі жаңа сапа, қасиетке, яғни тұлғалыққа жетелейді. Осындай өз-өзіне сенімді, ой-өрісінің тәуелсіздігімен ерекшеленетін, құндылықтарды бойына сіңіре білген, сыни тұрғыдан ойлана білетін тұлға тәрбиелеу мақсатында IT лицейімізде 8 шаңырақтан құрылған, «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы бар.

Бұл IT лицейімізде «Шаңырақ» атауымен аталғаннан бастап, оқушылар қауымдастығы – жоғары және төмен сынып оқушылары арасындағы бірлік, өзара сыйластық, ынтымақтастық, сенім, қамқорлық сезімдерін қалыптастыру негізінде бірқатар жұмыстарды атқарып келеді.

Оның мақсаты: бірыңғай топтар құру арқылы оқушыларды ауызбірлікке, біртұтастыққа бейімдеу, жоғары сынып пен төменгі сынып оқушылары арасында бауырмалдық, қамқорлық қарым-қатынас орнату болып табылады.

**Ұсыныс:**

1. Мектеп-ата-ана арасындағы ынытымақтастықты нығайту мақсатында «Шаңырақ» ОҚ ата-аналары, 1-4 сынып ата-аналарымен, ӘБ пән мұғалімдері арасында зияткерлік, спорттық шаралар ұйымдастыру.
2. ДҒӘЖЖ орынбасары, ДТЖЖ орынбасары, ДОТЖЖ орынбасары, ӘБ пән мұғалімдері, тәлімгер 2022-2023 оқу жылы бойы «ІТ жыл оқушысы», «Үздік шаңырақ» критерийлерін І тоқсаннан бастап жүргізіп, жыл соңында нәтижесін шығару.
3. Бастауыш сыныптарда 2022-2023 оқу жылы «Үздік бастауыш сынып -2023» номинациясын енгізіп, оқу жылы

## 2020-2021 оқу жылы тәрбие бағыты бойынша жетістіктер

| № | Оқушының аты-жөні | Сынып | Қалалық | Облыстық | Республикалық | Халықаралық |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бек Бейбарыс | 5 «А» | - | - | «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы III дәрежелі диплом «Ақ Бота» интеллектуалды марафон | - |
| | Төлепберген Гаухар | 5 «А» | «Менің ата мен әжем» қалалық қашықтық суреттер байқауы, грамота | - | «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы II дәрежелі диплом «Ақ Бота» интеллектуалды марафон | - |
| | Айгазинова Ильдана | 5 «А» | «Менің ата мен әжем» қалалық қашықтық суреттер байқауы, грамота | - | - | - |
| | Аманжолов Әділжан | 5 «А» | - | Облыстық «Робототехника» сайысы, грамота | - | - |
| | Бегазин Ақансері | 5 «А» | - | «Қасиетті домбыра» сайысы,грамота | - | - |
| | Кабдылова Айзере | 5 «А» | - | - | «Тарихи ата» олимпиадасы 3 дәрежелі диплом | |
| | Русланұлы Искандер | 5 «А» | - | - | - | Халықаралы КИК-БОКС жарысы 1 дәрежелі диплом |
| | Бекишев Мирас | 5 «Ә» | - | - | «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы II, III дәрежелі Диплом «Ақ Бота» интеллектуалдық | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | марафон | |
| | Тулегенова Камила | 5 «Ә» | «Февральские звездочки» Көркем гимнастикадан ашық чемпионат, ІІІ орын | Көркем гимнастикадан ашық онлайн турнир, ІІІ орын Көркем гимнастикадан ашық чемпионат, ІІ орын | - | - |
| 0 | Сүлейменова Айина | 6 «А» | Қалалық «Созвездие талантов» конкурс ҚР Тұңғыш Президент күніне арналған «Әулет» МТЖО, 3-орын | - | - | - |
| | Құдайберген Айяна | 6 «А» | Қалалық «Созвездие талантов» конкурс ҚР Тұңғыш Президент күніне арналған «Әулет» МТЖО, 3-орын | - | - | - |
| 2 | Ахметов Чингис | 6 «А» | «Жас Бүркіт» әскери-патриоттық клубының ұйымдастыруымен ҚР Тұңғыш Президент күніне арналған қоянқолтық турнирі, 1-орын | - | - | - |
| 3 | Болатова Альбина | 6 «Ә» | «Менің атам мен әжем» қалалық қашықтықтан суреттер байқауы, 1 дәрежелі диплом | - | «Самғау» инновациялық білім беру орталығының ұйымдастыруымен дарынды балаларға арналған республикалық байқауы, ІІІ орын | - |
| 4 | Сатыбалды Інжу | 6 «Ә» | «Менің атам мен әжем» қалалық қашықтықтан суреттер байқауы, 1 дәрежелі диплом | - | - | - |
| 5 | Шарипова Диана | 6 «Ә» | «Менің атам мен әжем» қалалық қашықтықтан суреттер байқауы, 1 дәрежелі диплом | - | - | - |
| 6 | Шарипова Диана | 6 «Ә» | «Әр халықтың тілі ұлы әрі көркем» мәнерлеп оқу сайысының 2-дәрежелі диплом иегері. | - | - | - |
| 7 | Мерекеев Алибек | 6 «Ә» | Көкшетау қаласы білім беру ұйымдарының арасында «Жайдарман – 2021» финал ойыны, 2-орын иегері. | - | - | - |
| 8 | Есентемирова Диана | 6 «Б» | «Әулет» мектептен тыс жұмыс орталығының ұйымдастыруымен бірыңғай «ЖасҰлан» балалар және жасөспірімдер ұйымының көшбасшыларына арналған | - | - | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | системологияда «Мерекені қалай өткізу керек?» тақырыбында қалалық семинар. Сертификат | | | |
| 9 | Сарсекеева Ясмин | 6 «Б» | Квартет «Бэйтерек» Акмолинская область, г.Кокшетау, ЦВР «Әулет», ДДК «Балдаурен» Победитель международного дистанционного творческого конкурса «Фестиваль талантов», Номинация конкурса: І орын «Эстрадный вокаль». Тема конкурса Песня «Осений блюз», | - | - | - |
| 0 | Қалдарбеков Темірлан | 6 «Б» | Бодрость «Жүзу», І орын | - | - | - |
| 1 | Ибраева Айгерім | 6 «Б» | - | - | Республикалық «EDUCATION» баспа үйінен, топ жарған «Алғыс хат» | Абайдың 175 жылдығына арналған Халықаралық «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» ән-жыр байқау жанры. 1-орын |
| 2 | Құдайбергенова Диляра | 7 «А» | - | Облыстық «Робототехника» сайысы, грамота | - | - |
| 3 | Қабыл Милара | 7 «Б» | - | - | «Самғау» инновациялық білім беру орталығының ұйымдастыруымен дарынды балаларға арналған республикалық байқауы ІІІ орын «Асыл ақыл – ойдың алыптары» атты 20 республикалық байқауға қатысқаны үшін І дәрежелі диплом | - |
| 4 | Асқарқызы Сания | 7 «Б» | - | - | - | Лауреат І степени «Он алты қыз» Народный ансамбль танца |
| 5 | Жакетова Меруерт | 7 «Б» | СДЮОМ Киокушинкай – «Кан» каратэ ІІ орын | - | - | - |
| 6 | Тұрсын Әмірхан | 7 «Г» | - | - | Бокстан «Шығыс» Аймақтық Чемпионат Аягөз қаласы ІІ орын | - |
| 7 | Тұрсын Әмірхан | 7 «Г» | - | ҚР Тәуелсіздігінің 30-жылдығына , Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150-жылдығына орай және Көктемгі «Наурыз» мерекесі турнирінде бокстан І орын. | - | - |
| 8 | Курмангалиев | 7 «Г» | - | - | - | В возрастной категории |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Нурхан | | | | | Юниоры 2 по Латиноамериканской программе в D классе, диплом 1 степени, г.Кызылорда |
| 9 | Курмангалиев Нурхан | 7 «Г» | - | - | - | В возрастной категории Юниоры 2 по Европейской программе в D классе, диплом 2 степени, г. Нур-Султан |
| 0 | Курмангалиев Нурхан | 7 «Г» | - | - | - | В возрастной категории Юниоры 2 по Европейской программе в D классе, диплом 1 степени, г. Алматы |
| 1 | Рахметолла Аққу | 7 «Г» | - | - | Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойы қарсаңында өткен «Қара өлеңнің құлагері» атты Республикалық өнер байқауына белсенді қатысқаны үшін дипломмен марапатталды | - |
| 2 | Бектасова Айғаным | 8 «А» | - | - | «Балдәурен» республикалық оқу сауықтыру орталығының «Әуен айнасы» сайысында III орын | - |
| 3 | Аманжолов Алихан | 8 «А» | Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі, I орын,<br><br>«Жас өнертапқыш» қалалық стартап, II орын,<br><br>Қалалық ғылыми жобасы I орын «Ұлы өнертабысқа алғашқы қадам» инновациялық идеялар және робототехникадан қалалық байқауы<br><br>I орын, 30 мың сертификат | Республикалық юниор олимпиадасының облыстық кезеңі, III орын,<br><br>Облыстық «Volt STEM» электроника, STEM бағыттары бойынша байқауында II орын | - | - |
| 4 | Амиргалиев Асхат | 8 «А» | Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі Информатика 2 орын | - | «Балдәурен» республикалық оқу сауықтыру орталығының Шахмат ойынында 2 орын | - |
| 5 | Тұрғынбек Саламат | 8 «Ә» | «Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет» ең үздік өлең және эссе жазу қалалық онлайн байқауының 3-орын жүлдегері. | - | - | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Раисова Аружан | 8 «Б» | «Әсем әуендер» сайысына қатысқан үшін І дәрежелі диплом | - | - | «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында халықаралық фестиваль «Art Time» II дәрежелі диплом |
| 6 | Ербатыр Ернияз | 8 «В» | - | Домбыра – «Гран при» ансамбль | - | - |
| 7 | Белялова Нұрай | 9 «А» | - | «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында облыстық «Алтын қазына» балалардың көркем және сәндік-қолданбалы шығармашылығы байқауының «Ағаштан, тастан, саздан мүсіндерді жасау» номинациясында І орын, дипломмен марапатталды | Республикалық «Жарқын Болашақ» өнер орталығының ұйымдастыруымен V республикалық «Жарқын жұлдыз» атты балалар өнер байқауында «Қолөнер» жанрында өнер көрсеткені үшін «Бас жүлде» дипломымен марапатталды | - |
| 8 | Искакова Аделя | 9 «А» | «Көркем еңбек» қалалық олимпиада І орын | - | - | - |
| 9 | Шайзада Жансая | 9 «Ә» | Қалалық Абай оқулары. Эссе жазу номенациясы 2ші орын. | - | - | - |
| 0 | Тусвалиев Рүстем | 9 «Ә» | - | «Жас турист – 2020» облыстық жарыста III орын | - | - |
| 1 | Маликова Алуа | 9 «Б» | «Жайдарман-2021» ІІ-орын | - | - | - |
| 2 | Токушева Айлана | 9 «Б» | «Жайдарман-2021» ІІ-орын | - | - | - |
| 3 | Бекбергенов Асанали | 9 «Б» | - | - | - | «ГТФ Таеквон-до» республика чемпионаты І, ІІІ орын |
| 4 | Ақжан Расуул | 9 «В» | - | - | «Балдаурен» РОСО жекелей біріншілігінде тоғыз құмалақ ойынынан І орын Республикалық «EDUCATION» баспа үйінен, топ жарған «Алғыс хат». | - |
| 5 | Зейнолла Аяулым | 9 «В» | «Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет» ең үздік өлең және эссе жазу қалалық онлайн байқауының 2-орын жүлдегері. | «Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет» облыстық шығармашылық конкурсына «Үздік өлең» номинациясы бойынша 2-орын жүлдегері. | - | - |
| 6 | Еркін Арсен | 9 «В» | «ТІЛ ДАРЫНЫ» 1-орын | - | - | - |
| 7 | Кошанов Асылхан | 10 «А» | - | «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Көкше дарыны» техникалық шығармашылық және өнертапқыштық бойынша облыстық ашық фестивалі | «Ақ бота» интеллектуалдық марафонының жеңімпазы, І дәрежелі диплом | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | І орын | | |
| 8 | Байканова Аяжан | 10 «А» | - | «Алтын қазына» сәндік-қолданбалы өнер облыстық онлайн-байқауының қалалық кезеңінде жүлделі І орын, СЕРТИФИКАТ | - | - |
| 9 | Хамит Ерасыл | 10 «А» | - | Дебаттан облыстық турнир 2-орын | - | - |
| 0 | Құрмансейіт Сая | 10 «Ә» | - | - | «Самғау» Инновациялық білім беру орталығының ұйымдастыруымен дарынды балаларға арналған Республикалық «Алтын дауыс» шығармашылық байқауы, 1-орын | - |
| 1 | Қали Ару | 10 «Ә» | - | Облыстық «Ақберен» конкурсы, 3-орын | - | - |
| 2 | Қали Ару | 10 «Ә» | «Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет» ең үздік өлең және эссе жазу қалалық онлайн байқауының 1-орын жүлдегері. | - | - | - |
| 3 | Ільяс Динара | 11 «А» | «ТІЛ ДАРЫНЫ» 2-орын | - | - | - |
| 4 | Жабалова Айана | 11 «Ә» | - | - | «Елбасы жобасы» қола медель иегері | - |

**«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының Әл-Фараби атындағы ІТ лицейі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының мәтіндік есебі**
**https://scit.aqmoedu.kz/content/2022-2023-trbie-ghospary**

**Тәрбие мақсаты:** адамгершілігі жоғары, ертеңгі күннің экономикасы талап ететін экономикалық перспективаларды алдын ала болжап, ІТ саласында қолданатын, ҚР азаматтарының игілігі үшін қызмет етуге дайын, идеяларын дамыта алатын елінің ұлтжанды азаматын қалыптастыру.

«Әл-Фараби атындағы ІТ лицейі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

ҚР БҒМ-нің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, 8 бағыты бойынша тәрбие жұмысы іске асырылды.

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты (құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде жобалар бойынша тәрбие жұмыстарын ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар басшылыққа алынады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дара тұлға»;
- ✓ «Қазақтың 100 әні»;
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымы;

**Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**
**Тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар**

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына және жобалар бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып, төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбие» білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық өзіндік санасезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлықзомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге

құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастырады. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие бағыты бойынша Білім күніне арналған алғашқы сабақ «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында өткізілді.

Ағымдағы оқу жылының 1.09 күні өскелең ұрпаққа білімге құштарлығын қалыптастыру және жаңа оқу жылының алдында мереке атмосферасын құру мақсатында 1 қыркүйек – Білім күніне арналған 1-11 сынып оқушыларымен «Сыңғырла, алғашқы қоңырау» салтанатты саптүзеу өткізілді. Сынып сағаттары Әнұранмен басталып, «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты сынып сағаттарымен жалғасты.

2018 жылғы қазандағы қалалақ білім бөлімінің ережесі негізінде мектеп-лицейішілік «Адал ұрпақ» клубын құру туралы бұйрық шығарылды. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. «Парасатты азамат» бұрышы толықтырылып, жаңартылды. 5-11 сынып оқушылары құрамынан клуб мүшелігіне оқушылар қабылданып, жаңа оқу жылына клуб мүшелерінің құрамы толықтырылып, үш секцияға бекітілді.

Қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес «Ақмола – адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жобасы негізінде жоспар құрылып, бекітілді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» 1-11 сынып оқушыларымен, лицей ұжымымен ақпараттық-түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді.

Ағымдағы оқу жылының қалалық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес Әл-Фараби атындағы IT лицейінде «25 қазан – Республика күніне», «16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күніне» орай іс-шаралар жоспары құрылып бекітілді. Отанды сүюге, ел байлығын қорғауға, болашақ Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін ұғындыру; еліміздің тәуелсіздік алғалы 31 жыл ішіндегі жеткен жетістіктерімізбен таныстыру; бүгінгі Тәуелсіздікке қалай қол жеткенін зерделеу, оларды Отаны үшін отқа түсетін ел жанды, ел Азаматы етіп тәрбиелеу мақсатында түрлі формада іс-шаралар ұйымдастырылды.

«16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күні» тақырыбында бейнеқұттықтау ұйымдастырылды. 1-11 сыныптарда «Тәуелсіз елім Қазақстан!» тарыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

5-11 сынып педагог-ұйымдастырушыларымен «Желтоқсан желі ызғарлы» тақырыбьында «Шаңырақ» ОҚ жобасы өтті. 1-4 сынып жетекшілерінің, көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Естанов М.К., Байдильденова К.М. ұйымадстыруымен «Тарих тереңінен – болашақ биігіне» тақырыбында суреттер панорамасы өтті.

**Рухани-адамгершілік тәрбие** - адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу;

өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында 5-сынып оқушыларын «Шаңырақ» ОҚ құрамына қабылдау кеші, «Қарттарымызды қошеметтейміз!» құттықтаулар, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!» мерекелік кеш ұйымдастырылды. Тәуелсіз

Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға, елдегі діни , рухани келісімді сақтауға, бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясаты туралы түсінік беру мақсатында «Рухани келісім күні» күніне орай іс – шаралар ұйымдастырылды. 1-4 сыныптар «Алғыс айту – парызым», 5-11 сынып оқушылары «Мен алғыс айтамын!» лицей қызметкерлеріне, ұстаздарына, ата-аналарына арнап бейне-ролик жасап, құттықтады.

**Ұлттық тәрбие шеңберінде** құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы арқылы іске асырылды. Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында

«Рухани қазына» бағыты аясында «қазақтың 100 әні» жобасы өз жалғасын табуда. Соған орай, бір әннің шығу тарихы Рахат Тұрлыхановтың «Асыл әжем», Ақан сері Қорамсаұлының «Балқадиша», Ақбота Керімбекова «Әке арманы», Қарақат Әбілдина «Балапан қаз», Ағайынды Жүгінісовтар «Астана», М.Ілиясов «Қазақы дастарханым», Халық әні «Бір бала», Қарақат Әбілдина «Алғыс», Роза Рымбаева «Наурыз-думан»әндеріне арналды.

«Дара тұлға» жобасы Ж.Саинның, Темірбек Жүргеновтің, Қ.Сәтбаевтың, Манарбек Қыдырбайұлының, Үкілі Ыбырай, Ш.Құсайыновтың, Құрманғазы Сағырбайұлының, Жұмабек ташеновтың өмірі мен шығармашылығына арналды.

Лицей жұмысының негізгі бағыттарының бірі - **Отбасылық тәрбие.** Лицейдегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері.1-4 сынып жетекшілер, 5-11 сынып педагог-ұйымдастырушылары ата-аналар жиналыстарын «ашық алаң», «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу», «Педконсилиум» сияқты түрлі форматта өткізіледі. Жалпы адамзаттық құндылықтардың мәнін ашу мақсатында Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы күніне» орай республикалық акциясы аясында «Отбасы – тәрбие барысы, мектеп-тәрбие жаршысы» атты тақырыбында қашықтықтан іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Менің үлкен отбасым» атты балалар сурет көрмесі, «Мейірімділік поштасы» - әжелерге , аталарға, еңбек ардагерлеріне ашық хат жіберу (онлайн) өткізілді.Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі ӘБ жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Менің сүйікті әжем», «Менің сүйікті атам» шығарма байқауы, 1-4 сынып жетекшілері, 5-11 сыныптың ПҰ «Қариялар, ақылшы даналар» фотокөрме өтті.

Лицейімізде «Cooking club» жобасы өз жалғасын тауып, пән мұғалімдерімен шаңырақ ата-аналары бірге дәмі тіл үйірер тағамдар әзірледі, күнделікті әйел заттарына қажет көркем еңбек пәнінің мұғалімі Күляш Муслимовнаның, «Ағылшын тілі» бірлестігінің жетекшілік етуімен дайындады. 14 қаңтар «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ 2023 жылдың қысқы демалысы іс-шаралар жоспарына сәйкес Білім бөлімі және қамқоршылық кеңесінің ұйымдастыруымен «Шаңғы жолы шақырады!» отбасылық-бұқаралық іс-шарасына 5 отбасы (оқушы, ата-ана) қатысты.

Талгатовтар отбасы, Сейткалиевтер отбасы, Базылжановтар отбасы, Кушановтар отбасы, Абрахмановтар отбасы.

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; жаһандық экологиялықсана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға дегенсүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі.

Күз мезгілінің тіршілікке берер пайдасын түсіндіру, күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін тереңдету, еңбекті, табиғат сұлулығын сезе білу мақсатында 1-4 сыныптарда «Күз кереметі» атты күзгі көрме ұйымдастырылды. Көрмеге барлық сынып оқушылары әртүрлі жұмыстарын қойып, күздің кереметін көрсетуге ат салысты. Өз қиялдарымен күздің байлығы арқылы көкөніс, жемістерден әртүрлі мүсіндер жасап, қолшеберліктерін көрсете, жеткізе білді. 5-7 сыныптар «Арайлы Алтын Күз» тақырыбында суреттер салып, суреттер панорамасын ұсынды.

Оқушыларды табиатқа, туған өлкеге қарау, табиғи ресурстарды сақтау, өсімдік және жануарлар әлемін, су ресурстарын сақтауға үйрету мақсатында қалалық білім бөлімінің жоспары негізінде «Экосағат-қазір баста» бірыңғай сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді.

**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие** білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. Осы бағытты іске асырудың негізгі өткізілген іс-шаралар: Мұражайларға, театрға экскурсиялар, «Қош келдің, Жаңа Жыл-2023!» кеші, Алғыс айту күніне арналған «Ақ жүрекпен» көркем жұмыстар көрмесі, «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай «Ана өмірдің шуағы», «Арулар-асыл жандар» бейне-құттықтама, 1-4 сыныптарда «Ана – өмірдің қуанышы, тірегі» 5-11 сыныптарда «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында сынып сағаттары өтті. 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай іс-шаралар.

**Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын;** зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «Ұшқыр ойлы жұлдыздар», «Тәуелсіздік шежіресі», «Квест» зияткерлік сайыстар, «Лидер қандай болу керек?», «Лидерге қажетті қасиеттер мен қабілеттер» танымдық ойындар өткізді. Дебат клубы «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде ай сайын дебаттық турнирлер ұйымдастырылды.

**Дене тәрбиесі** салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты.

Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін, «Отбасылық эстафеталық ойындар», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды, Сынып жетекшілер мен педагог-ұйымдастырушылар «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!», «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» денсаулық сабақтарын, Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай сынып сағаттарын өткізді.

**Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының тиімділігі**

Лицейімізде «Өзін-өзі басқару ұйымы» және «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан белсенді өзін-өзі басқару оқушылар ұйымы өз жұмысын атқарып келеді.

Бұл ұйымның басқару жүйесін 7-11 сынып оқушылары ұйымдастырады.

Әрине, бұл ұйым тәрбие және оқу ісі бойынша атқаратын қызметіне зор көмегін тигізеді. Яғни лицей ішіндегі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда, спорттық ойындарды ұйымдастыруда және өткізуде, сондай-ақ оқушыларды түрлі білім сайыстарына тарту және қатыстыруда біршама істерді жүзеге асырып жатады. Өзін-өзі басқару ұйымы «Ұшқыр ой алаңы» дебат, «Сырғалым» қыздар клубы және «Адал ұрпақ» еріктілер клубына басшылық жасайды. Өзін-өзі басқару Мектеп Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының бірлескен жоспарына сәйкес лицейде ұжымдық шығармашылық істер, акциялар, ойындар, КВН, дебаттар ұйымдастырылады. Барлық атқарылған істер жеке инстаграм парақшасында жарияланып отырады.

**«Төрт тоқсан – төрт өнер» «Туған өлкем» фестивалі**

Оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын дамыту, отансүйгіштік пен азаматтық сезімін тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау, туған өлкені зерделеу арқылы туристік-өлкетану қызметін жандандыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Тоғыз айға 9 іс-шара тұжырымдамасы «Жасыл мекен аясында» лицей түлектері «IT түлектер аллеясына» ағаш көшеттерін отырғызды.

«Менің кіші-Отаным» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие үрдісі бойынша «Үздік шаңырақ-2023», «Үздік бастауыш сынып-2023» номинация иегерлерін туған өлкенің тарихымен, тылсым табиғатымен таныстыру мақсатында «Ауыл camp» жобасы аясында Зеренді ауданы, Ортаағаш ауылына екі күндік лагерьге барады.

**«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы**

Шаңырақ оқушылар қауымдастығы – жоғары және төмен сынып оқушылары арасындағы бірлік, өзара сыйластық, ынтымақтастық, сенім, қамқорлық сезімдерін қалыптастыру негізінде бірқатар жұмыстарды атқарып келеді.

Оның мақсаты: бірыңғай топтар құру арқылы оқушыларды ауызбірлікке, біртұтастыққа бейімдеу, жоғары сынып пен төменгі сынып оқушылары арасында бауырмалдық, қамқорлық қарым-қатынас орнату болып табылады.

«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының жұмыс жоспарына сәйкес, оқушыларды жан-жақты қолдау, еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке,

ізденімпаздыққа тәрбиелеу мақсатында педагог-ұйымдастырушылардың жетекшілік етуімен «Шаңырақ» қауымдастық оқушылар арасында төменде кестеде көрсетілгендей бірқатар шаңырақ жұмыстары жүргізілді.

Атап айтатын болсақ, «Қазақтың 100 әні» жобасы аясындағы бір әннің тарихы – шаңырақ оқушылар арасында насихатталып, орындалды. Әр аптаның бейсенбісінде өткізілген «Дара тұлға» жобасының жұмыстары да атқарылды. Өткізу формалары: саяхат, дөңгелек үстел, сұхбат, кездесу т.б. сәттерімен жалғасты.

Шаңырақ оқушылары «Көп оқып, көп білуге ұмтыл» «Мен өз отбасыммен кітап оқимын» атты кітап оқу жобасы мен «IT day» жобасы және пән апталықтарына, көптеген іс-шараларға шаңырақ оқушылары қатысып, белсенділік танытты.

Алайда, педагог-ұйымдастырушылар «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығымен бекітілген жоспарға сәйкес «Адалдық сағаттары мен сынып сағаттары, танымдық сағаттары» және де аталып өтілетін айтулы мерекелік іс-шараларын да жоғары деңгейде жүргізді.

Алайда, жаңа оқу жылының алғашқы уақытында лицейімізде 5-сынып оқушыларын «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығына қабылдау рәсімі өтті. 5 "А"-сынып оқушылары "Zeren", 5 "Ә"- сынып "Бурабай", 5 "Б" - сынып "Көкшетау", 5 "В" - сынып "Жеке батыр" шаңырағына қабылданды.

2022 жылдың 1 қарашасында Көкшетау, NIS базасында «Табысты тұлғаны дамыту» тақырыбында семинар-практикумына педагог-ұйымдастырушылар қатысып, тәжірибе алмасты.

Ағымдағы жылдың қыркүйектің 13-14-аралығында лицей жоспарына сай, «Ашық алаң» форматында 5-11 сыныптар арасында ата-аналар жиналысы өтті. Тақырыбы: 2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылуы. Күн тәртібінде мынадай мәселелер: «Бейімделу кезеңіндегі ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынас; Қамқоршылық кеңес мүшесін, ата аналар комитеті құрамын сайлау; Құқықтық білім. Қауіпсіз бағыт «Үй –мектеп – үй” сызбасы және әртүрлі мәселелер» қарастырылды. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Сонымен қатар, шаңырақ оқушылар қауымдастығының арасында «Қоғамға қызмет ету жобасы» өз жалағасын тауып келеді. Соның негізінде 26 қазан күні лицейімізде Абдраим Аибибі мен Әскербек Әдилетке арналып, шаңырақ оқушыларымен «Қайырымдылық жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Жаңа жыл қарсаңында лицейімізде 5-11-сынып оқушыларына арналған "Қош келдің, Жаңа жыл – 2023" көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие жұмысы жоспары негізінде жаңа жылдық шырша мерекелік іс-шарасы өтті. Оқушылар түрлі-түсті жаңа жылдық костюмдерін киіп, өз өнерлерін көрсетті. Ал, педагог-ұйымдастырушылар да лицейімізде жаңа жылдық алғаш өткен «Маска шоу»-ға өте белсенді қатысып, «Ең креативті» номинациясымен марапатталды.

Сонымен қатар, оқушылардың қысқы демалысын тиімді пайдалану мақсатында қала мектептері мен колледждерінің қызықты да қажет үйірмелеріне 7-10-сынып оқушылары қатысып, тәжірибе алды.

Желтоқсан айының соңғы аптасында педагог-ұйымдастырушылар шаңырақ оқушыларына «Техникалық қауіпсіздік ережесімен» таныстырып, қысқы уақыттағы «Абайлаңыз, жұқа мұз» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді, ата-аналарға жадынамамен ақпараттандырды.

Сонымен қатар, ерекше тоқталып кететін жәйт, «Мектеп. Ата-ана. Оқушы арасындағы байланыс» негізін ұстана отырып, ата-аналардың лицеймен тұрақты қарым-қатынасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру мақсатында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы ата-аналарының қатысуымен жоспар негізінде бірқатар жұмыстар жоғары деңгейде жүргізілді. Мысалы: «Отбасы» күніне орай, шаңырақ қауымдастығығының ата-аналары лицей оқушыларымен «Отбасылық құндылықтар» және «Кәсіби бағдар» тағы басқа тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. Спорт айлығы бойынша да жарыстар өтті. «Әкем, Анам және мен» атты қысқы спорттық эстафеталарға шаңырақ ата-аналары белсенділікпен қатысып, жеңіске жетті. «14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау» күнін де шаңырақ оқушылары арасында ерекше аталынып жүргізілді, оқушылар «Кітапты сүйіспеншілікпен сыйлаңыз» мерекелік акциясына белсенді қатысты. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша шаңырақ оқушылар қауымдастығы арасында «Кітап әлемі ғажап әлем» атты табиғатқа байланысты шығармалар қойылымы өтті. Нәтижесінде «Сарыарқа» шаңырағы 1-орын А.Н.Темирбекова, «Жұмбақтас» шаңырағы 2-орын Д.Р.Ханафина, «Жеке батыр» шаңырағы 3-орынды иеленді Н.Е.Нурахметова. «15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жылдығына» арналған іс-шаралар жоспар негізінде жүргізілді. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларына арнайы кәсіби мамандары «Жасөспірім және заң», «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алу, құқықтық санасын тәрбиелеу», «Туберкулездің алдын алу» тақырыптарында ақпараттық-дәрістер өткізілді.

Наурыз айы мерекелік іс-шаралардан бастау алды. Наурыз айы – ұлттық тәрбие «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «1 Наурыз – Алғыс айту» күніне шаңырақ оқушылар өз құттықтауларын, алғыстарын айтып, бейнематериалдарын ұсынды. «8 Наурыз – Халықаралық әйелдер» мерекесіне арналған «Шуақ шашқан мереке» атты іс-шаралар жоспарға сай жүргізілді. «14 Наурыз – Амал» мерекесі көрісу күні де, «22 наурыз – Нұрлы жыл басы» ұлттық салт-дәстүрімізге сай мерекесі де ерекше аталынып өткізілді. Лицей алаңында киіз үй тігіліп, ұлттық ойындарымен, ән-күй, билерімен тамашаланды. 11-сынып бітіруші түлектерінің бейне құттықтаулары жолданды. «12 сәуір ғарышкерлер» күні бойынша өткізілген іс-шараларға шаңырақ оқушылары белсенділікпен қатысты. «1 Мамыр – қазақстан халқының ынтымағы мен бірлігі» күні қарсаңында мерекелік іс-шаралар жоспарға сай жүргізілді, лицей алаңында шаңырақ оқушыларының әр ұлт өкілдерінің дәстүрлерін, өнерін тарту етті. Патриот айлығы бойынша «7 мамыр – Отан қорғаушылар» күні, «9 Мамыр – жеңіс күні» мерекесі лицей жоспарына сай жүргізілді. Сонымен қатар, шаңырақ оқушылар қауымдастығының арасында «Қоғамға қызмет ету жобасы» өз жалғасын тауып келеді. Соның негізінде тыл ардагері Қазима апайдың үйіне арнайы лицей директоры А.Б.Кошановамен барып, жеңіс күнімен құттықтады.

Табиғат – адамзат өмір сүріп жатқан орта, ортақ үй, ортақ мекен. Адам мен табиғат – егіз ұғым. «Ағаш жапырағымен, жер топырағымен көрікті» дейді халқымыз. Табиғат көркейіп, желегі жасыл тартса, адамның да тынысы кеңейіп, көңілі көтерілері анық, -дей келе «Туған өлкем», «Төрт тоқсан төрт өнер» жоспары негізінде лицей ауласын көгалдандыру жұмыстары алға қойылған, мақсаты оқушыларды еңбекқорлыққа баулы, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау болып

табылады. 10-11-сынып оқушылары өз экологиялық мәдениетін қалыптастыруға белсенділік танытты. Шаңырақ оқушылары «Біздің мектеп буллингке қарсы» бойынша лицей алаңында флэшмоб биін жүргізді.

Және де лицейімізде «Cooking club» жобасы өз жалғасын тауып, пән мұғалімдерімен шаңырақ ата-аналары бірге дәмі тіл үйрер тағамдар әзірледі, күнделікті әйел заттарына қажет көркем еңбек пәнінің мұғалімі Күляш Муслимованың, «Ағылшын тілі» бірлестігінің жетекшілік етуімен дайындады. 14 қаңтар «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ 2023 жылдың қысқы демалысы іс-шаралар жоспарына сәйкес Білім бөлімі және қамқоршылық кеңесінің ұйымдастыруымен «Шаңғы жолы шақырады!» отбасылық-бұқаралық іс-шарасына 5 отбасы (оқушы, ата-ана) қатысты. Талгатовтар отбасы, Сейткалиевтер отбасы, Базылжановтар отбасы, Кушановтар отбасы, Абрахмановтар отбасы.

Педагог-ұйымдастырушылар серіктес мектептер және қалалық семинар бойынша да «Қазақтың 100 ән» жобасын өткізіп, тәжірибе алмасты. Ақан серінің 180 жылдық және Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдық мерейтойлары атап өтуі бойынша әдеби-сазды кеш, Зейнеп Ахметованың «Күретамыр» кітабы негізінде «Жауһазын» ғұмыр әдеби-танымдық кездесуі 9-11-сынып қыз балаларының арасында салтанат залында жоғары деңгейде өткізілді. Педагог-ұйымдастырушылар: И.К.Токмолдина, Н.Е.Нурахметова, А.С.Жумукова, Н.О.Медикина.

Ағымдағы жылдың лицей жоспарына сай, «Ашық алаң» форматында және жалпысыныпішілік 5-11 сыныптар арасында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа лицей директоры, директордың ОТЖЖ және ДТЖЖ орынбасарлары, пән мұғалімдері, педагог-психологтар, әлеуметтік-педагог, лицей медбикесінің қатысуларымен өткізілді. Оқушылардың оқу үлгерімдері мен сабаққа қатысуларына, құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша тоқталды, ата-аналардың туындаған сұрақтарына жауап берілді.

Дәстүрлі негізінде өтетін 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша салтанатты шарасы «Болашақ сарайы» балалар мен жасөспірімдер сарайында «Кемел келешек кілті – білімде» жүзден жүйрек, мыңнан тұлпар, оқу-тәрбие додаларында жетістіктерге жеткен, оқушыларымыз марапатталып, «IT дарынды оқушысы-2023» төс белгісін иеленсе, «Бурабай» шаңырағы «Үздік шаңырақ-2023» «Туған жерге тағзым». Педагог-ұйымдастырушысы: А.С.Жумукова сертификатымен марапатталды.

Мамыр айындағы мереке күндеріне педагог-ұйымдастырушылар шаңырақ оқушыларына техникалық қауіпсіздік ережесімен таныстырып, көктемгі уақыттағы «Абайлаңыз, жұқа мұз» бойынша түсіндірме жұмыстарын да жүргізді, ата-аналарға жадынамамен ақпараттандырды.

31 мамыр – жалпысыныпішілік өткізілетін сынып сағаттарында жоспарлы түрде педагог-ұйымдастырушылар шаңырақ оқушыларына «Техникалық қауіпсіздік ережесімен» таныстырып, жазғы уақыттағы «Жаз-2023» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді, оқушыларға қауіпсіздік ережелерімен, жадынамамен ақпараттандырды.

Жүргізілген барлық іс-шаралар «IT сайтына және «IT әл-Фараби» инстаграмм парақшасына уақытылы жарияланды.

**Ұсыныс:**

1. Мектеп-ата-ана арасындағы ынытымақтастықты нығайту мақсатында «Шаңырақ» ОҚ ата-аналары, 1-4 сынып ата-аналарымен, ӘБ пән мұғалімдері арасында зияткерлік, спорттық шаралар ұйымдастыруды жалғастыру.
2. ДҒӘЖЖ орынбасары, ДТЖЖ орынбасары, ДОТЖЖ орынбасары, ӘБ пән мұғалімдері, тәлімгер 2023-2024 оқу жылы бойы «ІТ жыл оқушысы», «Үздік шаңырақ», «Үздік бастауыш сынып -2024» критерийлерін І тоқсаннан бастап жүргізіп, жыл соңында нәтижесін шығару.
3. 2023-2024 оқу жылында «Үздік сынып жетекші-2024», «Үздік педагог-ұйымдастырушы-2024» номинциясын енгізіп, оқу жылы соңында анықтау.
4. Келесі оқу жылындағы 3-тоқсанынан бастап, лицей жоспарына енгізіп, «Қазақтың 100 ән жобасын», «Дара тұлға» жобасын ӘБ құрамы шаңырақ оқушыларымен өткізу.
5. «Дара тұлға» жобасын танысу сабақтастық мақсатында сынып жетекшілерінің жетекшілігімен бастауыш 4-сыныптары танысып, бірлесе жұмыс жүргізу.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының әл-Фараби атындағы ІТ лицейі» КММ «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының есебі /І тоқсан/**

**https://scit.aqmoedu.kz/content/2023-2024-trbie-ghospary**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

*Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

*Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

*Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

*Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

*Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

*Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

*Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

*Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

*Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

Қазақстан мемлекеттілігінныығайтуға атсалысу;
Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу;
Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу;
Қоғам игілігі үшінқызмет ету;
Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу;
Ұлттық мәдениеттідәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

Отаншыл, мемлекетшіл жәненамысшыл
Мемлекеттік рәміздердіқадірлейді
Елінің тарихын құрметтейді
Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді
Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
Адал еңбекті құрметтеу;
Сөзіне берік, ісіне адал болу;
Халқына адал қызмет ету
Әдеп нормаларын ұстану;

Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну;

Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;

Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;

Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;

Достарын, сыныптастарынсыйлайды;

Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;

Жеке және командаменжұмыс істей білу;

Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;

Физикалық белсенді болу;

Салауатты өмір салтынұстану;

Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету;

Дұрыс қарым-қатынасорната білу;

Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығынсақтайды;

Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;

Қоршаған орта тазалығынсақтайды;

Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық;

Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

*Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі*

*Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:*

*баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;

*баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;

*баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

*Ұсынылады*:

*бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

*балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

*балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

*балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

*6-10 жастағы бала тәрбиесі*

*Ұсынылады:*

*тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

*қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

*халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

*бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

*ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

*қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

*әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

*Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)*

*Ұсынылады:*

*тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

*жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

*еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

*ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

*тарихи, деректі фильмдерді талдау;

*білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

*табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

*жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

*«Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

*Жастар тәрбиесі (15-18 жас)*

*Ұсынылады:*

*жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

*ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

*ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

*отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

*адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

*балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

*білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

*тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

*тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

*тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

*тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

*салауатты өмір салтына ынталандыру;

*сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

*білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

*ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар)

*білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

*аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Биылғы оқу жылы тәрбие бағдарламасы үшін аса ерекше. Себебі, тәрбие тұжырымдамасына жаңадан өзгеріс еніп, бұрынғы 8 бағыт бойынша жүзеге асатын тәрбие жұмысы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылы 19 қыркүйек №294 бұйрығы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 3 құндылыққа негізделген жаңа тәрбие тұжырымдамасы бекітілді. 2023-2024 оқу жылына бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп жасалынып, 3 құндылыққа негізделініп құрылды, лицей директорымен бекітілді.

Осы тәрбие жоспары бойынша жұмыстарды атқаруға 13 сынып жетекші,8 педагог-ұйымдастырушы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, әлеуметтік педагог, көркемдік жетекші, аға тәлімгер, кітапхана меңгерушісі, лицей педагог-психологы және ДТЖЖО, әдістеме бірлестік жетекшілері,пән мұғалімдері жүзеге асыратын болады. Ағымдағы оқу жылдың қыркүйек айынан келесі іс-шаралар ұйымдастырылды:

ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрығы негізінде 2023-2024 жаңа оқу жылы тәрбие жұмысының «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша сынып жетекшілер, педагог-ұйымдастырушылар, кітапхана меңгерушісі, педагог-психолок, әлеуметтік педагог, пән мұғалімдеріне оқыту семинарларын директордың тәрбие жұмыстары жөнінідегі орынбасары А.Жартанова жүргізді. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында жоспарға сәйкес тәрбиелік-тағылымды шаралар,ата-аналар сағаты, сынып сағаттары өтуде. «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер», «Оқуға құштар мектеп» , «Бір әннің шығу тарихы» , «Дара тұлға» жобалары жүзеге асырылуда.

Ұлттық құндылықтар: *Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап*

1 қыркүйек - білім күні қарсаңында 1-11 сынып жетекшілері мен педагог-ұйымдастырушылар «Мектеп – мейірім мекені» атты сынып сағаты өтті.

Талап: Білуге,жаңаны тануға құштар болу;

Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Мақсаты:** Мектептің білім ордасы ретіндегі маңызын түсіндіру, мейірімділік, оқу-білім туралы өз ойларын ортаға салғыза отырып, білім құмарлыққа шақыру.

https://www.instagram.com/reel/CwpjMC5MS0G/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Тілдер күні мерекесіне арналған онкүндік жоспары аясында «Қазақша ән шырқайық» патриоттық ән кеші өтті.

Ұлттық мүдде: Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;

Талап: Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;

**Мақсаты:** Жас ұрпақтың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, өз еліне деген сүйіспеншілігін ояту, еліміздің елдігін танытатын тілі мен өнерін ұғындыру.
https://www.instagram.com/reel/Cw767BjsftF/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

5-қазан Ұстаздар мерекесіне орай, 11-сынып түлектерінің ұйымдастыруымен «Ұстаз-Ұлы Тұлға» мерекелік кеш өтті.

https://www.instagram.com/reel/CyBu5MeMY3J/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

1-11 сынып жетекшілері мен педагог-ұйымдастырушылар «Мектеп – мейірім мекені» атты сынып сағаты өтті. Тілдер күні мерекесіне арналған онкүндік жоспары аясында «Қазақша ән шырқайық» патриоттық ән кеші ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/CwpjMC5MS0G/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/Cw767BjsftF/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

5-сынып оқушыларын «Шаңырақ оқушылар қауымдастығына» қабылдау рәсімі өткізілді.
https://www.instagram.com/p/CyV79GeMM0m/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Карттар айлығына орай, «Дара Тұлға» жобасы негізінде «Оқжетпес » шаңырағының педагог- ұйымдастырушысы Б.С. Сыздықова «Қарттарым- асыл қазынам» тақырыбында зейнеткер ұстаздармен мерекелік кездесу кешін ұйымдастырды.
https://www.instagram.com/reel/CynHhCAsSqV/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Педагог-ұйымдастырушылардың, 1-4 сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Толық адам ілімі», «Жолда жүру ережелерін білесің бе?», «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері», «Салауатты өмір салтын насихаттау», «Қарттарым – асыл қазынам», " Оян, ар мен адалдық" т.б. сынып сағаттары жоспар бойынша өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/CxNYT32MPjx/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==
https://www.instagram.com/reel/CxUNyMjoX5U/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==
https://www.instagram.com/reel/CxmOKWVoQtX/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==
https://www.instagram.com/reel/Cx4YoqbIgSy/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==
https://www.instagram.com/reel/Cx-ySBYscM1/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==

Аптаның әр сәрсенбі күні тәрбие жоспарына ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Ұлттық киім күні» аталып өтеді.

https://www.instagram.com/reel/Cx-97mMsFGh/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

18 қазан педагог-ұйымдастырушы Н.Е.Нурахметованың ұйымдастыруымен «Бір әннің шығу тарихы» жобасы ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жылдығына арналды. Ақынның «Тау ішінде» әнінің шығу тарихын сахналық қойылым арқылы көрсетті.Тәлімі мен тағылымы мол кешке ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Оспан Қуаныш Ерғалиұлы арнайы қонақ ретінде шақырылды.

https://www.instagram.com/reel/CyiyeAVsw78/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==

«Назар аударыңыз - балалар!» айлығы аясында 1 сынып оқушыларымен «Жол ережесін сақтайық!» тақырыбында сынып сағаты, «Назар аударыңыз – балалар!» жедел-профилактикалық іс-шара жоспары аясында Әл-Фараби атындағы IT лицейінің «Бағдаршам» ЖЖҚИ үйірме оқушыларымен бірге Көкшетау қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ полиция лейтенанты Жусупов А.А., ПБ ЖПҚБ ЮПБ полиция аға лейтенанты Матюшина К.А., Патрульды полиция батальонының қызмет инспекторы, полиция лейтенанты Каблакатов А.Б. «Жүргізуші! Балалардың өмірін сақта!» тақырыбында жүргізушілер арасында үгіт-насихат жүргізіп, жадынама таратты. 8,9,10- сынып оқушыларына , педагог – ұйымдастырушыларға «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында ЮПБ учаскелік инспекторы полиция капитаны Б.Б.Нұрланова , директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Жартанова ақпараттық дәріс өткізді.

«Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызы» тақырыбында 1-11 сынып ата-аналар жиналысы өтті. 25 қазан- Қазақстан Республикасы күніне орай «Шаңырақ» оқушылар қақымдастық ата-ана + оқушы арасында үстел теннисінен, ата-ана+ оқушы+ мұғалімдер арасында волейболдан лицейішілік жарыс ұйымдастырылды.

Қалалық білім бөлімі мен МТЖО «Әулет» ұйымдастыруымен күзгі каникулды тиімді ұйымдастыру мақсатында қала мектеп оқушылары, ата-аналарының қатысуымен "Жұлдызды сағат" квест ойыны, «Ақылдылар» , «Сәтті мүмкіндік» зияткерлік ойындары жоспарлы өтті. Лицей оқушылары мен ата-аналар жүлделі орындар иеленді. Лицей психологы Қазғожина Қ.Н ұстаздарға "Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті" тақырыбында мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу мақсатында тренинг өткізді.

Оқушылар арасында қолайлы орта орнату мақсатында «Көңілді үзіліс» бастауыш сынып мұғалімі Г. З. Ауенова «Бес асық» , педагог-ұйымдастырушы Нурахметова Н.Е. «Лабиринт» ойындарын, өзін-өзі басқару ұйымы тағылымды шаралар өткізді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында бастауыш буынның «Даналық мектебі» ДТЖЖ орынбасары Куандыкова А.Б., 4 Б сынып жетекшісі Оразалина Ш.Е. бастауыш сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері туралы, отбасында қолайлы климат құру дағдыларын дамыту, баланың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті сезіндіру жайлы кеңінен сөз қозғады.

https://www.instagram.com/p/CzgzkvUM1Lb/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==

https://www.instagram.com/reel/CzlSW_hsngK/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==

https://www.instagram.com/reel/CzeVaWrsLQm/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==

https://www.instagram.com/reel/CzeV3gsswHW/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==

https://www.instagram.com/p/CzT00I_sKsJ/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==

Ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық орта орнату мақсатында 2022-2023 оқу жылы бастау алған оқушы+ата-ана+ мұғалім «Үштік одақ» негізінде «Білімді, білікті , данышпан» зияткерлік ойын, «Cooking club» , спорттық (волейбол, үстел теннисі, ұлттық ойын бес асық, шахмат) ойындары, ұрпақтар сабақтастығы мақсатында «Әкеге қарап ұл өсер» тақырыбында еңбек пәнінің мұғалімі Естанов М.К., «Жеке батыр» шаңырақ педагог-ұйымдастырушысы Нурахметова Н.Е. шеберлік сағат ұымдастырды. Ата-аналармен өткізілген шаралар кешкі сағат 19.00-ден кейін ұйымдастырылуда.

Бірінші тоқсан республика күнін мерекелеуге арналған «Ақындар айтысы», тоғыз ай 9 іс-шара қыркүйек сергіту сәті, қазан ҚР әнұранын бір мезетте орындау челленджіне лицей оқушылары, мұғалімдер ұжымы қатысты.

2023 жылдың 3 қараша күні жоспарлы 1-4 сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысы болып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер қарастырылды

Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшіг қызмет ету; Ар-ұят: шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; Талап: жеке және командамен жұміс істей білу;Тренингтің тақырыбы: "Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті".Мақсаты: Мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Орындалған қағидалар:

1. Белсенділікті арттыру.
2. Бірігіп жұмыс істеу.
3. Өз ойын ашық айтып, өзіңе пайдалы ақпарат алу.
4. Әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу.
5. Өзін еркін ұстау.

Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын арттыру;

Өз отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

«Ата көрген оқ жонар, әже көрген тон пішер». Күзгі демалысты пайдаланып, Алан ата-анасымен ауылға атасына барып, керемет көңіл-күй сыйлады. 1"А" сынып оқушысы Кенесары Алан.

Аптаның әр сәрсенбі күні тәрбие жоспарына ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Ұлттық киім күні» аталып өтеді.

https://www.instagram.com/reel/Cx-97mMsFGh/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/CyiyeAVsw78/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==
https://www.instagram.com/reel/CzgWp0cMHi-/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==

Шаңырақ оқушылар қауымдастығы әдістемелік бірлестіктерімен бірлесе III тоқсанның екінші аптасынан, Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларды» жобамен жұмыс істеу барысында жобаға жетекші ӘБ мұғалімдері мен педагог-ұйымддастырушылар білім алушыларға кеңесші ретінде қолдау көрсету, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, жұмыстарының нәтижелері үшін өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік беру, бағыттап жүзеге асыру мақсатында жоспарланып, лицей директорымен бекітіліп жұмыстар атқарылуда:

«Оқжетпес» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Сыздыкова Б.С. қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, Үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мақсатында, «IQ ДОДА» зияткерлік жобасы жоспар бойынша қаңтар, наурыз, сәуір айларына жоспарланып,жүзеге асырылуда. Әр сайысқа 3 команда (ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар) қатысады:

- Қаңтар айында 5-6 сынып оқушылары, ата-аналары, пән мұғалімдері;
- Ақпан айында 7-8 сынып оқушылары, ата-аналары, пән мұғалімдері;
- Наурыз айында 9-10-11 сынып оқушылары, ата-аналары, пән мұғалімдері.Бұл жоба оқушылар мен мұғалімдер арасында өтетін қалалық интеллектулды сайыстарға («Жеті қазына», «Сәтті мүмкіндік», «IQ Дода») іріктеу ретінде де өтеді. «Кабинетті таза ұста» 5 «ә» сыныбымен жүргізілген әлеуметтік тәжірибие инстаграм желісінде 35400-ден астам қаралым жинады.

«Сарыарқа» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Анапина А.Қ. жаратылыстану, эстетикалық ӘБ мұғалімдерімен Eco Box (*қалдық заттарға екінші өмір сыйла*), Q-science, Master Club жобасы;

«Көкшетау» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Сарсембаева Ж.А. тарих ӘБ мұғалімдерімен «Тарихқа құрмет», «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы;

«Жеке Батыр» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Нурахметова Н. ағылшын тілі ӘБ мұғалімдерімен «Көңілді үзіліс», «IQ UP» жобасы;

«Бурабай» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Омашева У.Т. физика-математика ӘБ мұғалімдерімен «Мектеп қабырғасындағы бизнес» жобасы;

«Тұран» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Маукен Ж.Ә. информатика ӘБ мұғалімдерімен

«IT genius» жобасы;

«Жұмбақтас» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Абдугапарова С. орыс тілі мен әдебиеті ӘБ мұғалімдеріме «Бұрымды қыз» жобасы;

«ZEREN» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Аубакирова А.Р. денешынықтыру ӘБ мұғалімдеріме «Спорт және мен» жобасысы.

https://www.instagram.com/reel/C0Iz9frteOD/?igsh=bWFqNnJ3cG13NGZ3
https://www.instagram.com/p/C0BjxNaM2d-/?igsh=emxzNzEwdW42bWFk
https://www.instagram.com/reel/CztO-nuN77J/?igsh=MTl1M2cxdnlpcGl6OA

15 караша Ұлттық валюта күніне орай, сынып сағаттары өтті және оқушылар арасында сұрақ-жауап айдары жүргізілді.

https://www.instagram.com/reel/CzrGJs0sUY6/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==
https://www.instagram.com/reel/Czv9S9hsCxg/?igsh=bmxhcGV4Mmt4dDF6
https://www.instagram.com/reel/Czl5K1xsTgk/?igsh=MXJzdnJnYWM4Nmp0ZQ==
https://www.instagram.com/reel/Czpjf3Hqbo-/?igsh=eTdnb3NtbXpxcm5o

16 желтоқсан Тәуелсіздік «Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» сынып сағаты өкізілді және құттықтау видеоролктері түсірілді.

https://www.instagram.com/reel/C04CUOHMffY/?igsh=NGRpdHFqbHZuazgy
https://www.instagram.com/reel/C01muK5sFJj/?igsh=MWM3aXdzaXRldGhmNA==
https://www.instagram.com/reel/C05YyEUIAid/?igsh=eGMzc2toOWJ5cDJt
https://www.instagram.com/reel/C04NVs3M0jB/?igsh=ZWQ3ODFjY2VlOQ==
https://www.instagram.com/reel/C04CUOHMffY/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==
https://www.instagram.com/reel/C01RzrOsFXA/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==
https://www.instagram.com/reel/C04CbMXMILV/?igsh=MTlubXZsdmduYzY0Zg==
https://www.instagram.com/reel/C04NJ7Vs-dJ/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==

16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Желтоқсан-ерлік тарихы» тақырыбында Ақмола қаһармандарымен сұқбат алаңы форматында «Дара тұлға» жобасы өтті.
https://www.instagram.com/reel/C04MFaEMj4r/?igsh=MTZpNzFtM3BvZWl2eQ==

«Бір әннің тарихы» жобасы аясында педагог-ұйымдастырушы Ж.А.Сарсенбаева Қазақстанның халық жазушысы,поэзия Пайғамбары, публицист, сыншы драматург Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған, Әшірхан Телгозиевтің «Қазақ осы», «Сарыарқа» шаңырағының педагог-ұйымдастырушысы А.Қ.Анапина «Атамекен» әндерінің шығу тарихын ұйымдастырды.
https://www.instagram.com/reel/CztO-nuN77J/?igsh=ZWVkNW5pcDB4bnJt
https://www.instagram.com/reel/C1HzctUMD2_/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==

Аптаның әр сәрсенбі күні тәрбие жоспарына ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Digital journalism» үйірме тілшілері «Ұмыт болған салт-дәстүр» сұрақ-жауап айдарын жүргізеді және «Ұлттық киім күні» аталып өтеді.
https://www.instagram.com/reel/C0hXWzss7l3/?igsh=MXgxYWkycTJrejM1eg==

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестік пән мұғалімдері «Көкшетау» шаңырақ оқушылар қауымдастығының 6 «Б» сынып оқушыларымен аналары арасында және «Жеке Батыр» бірлескен «Cooking club» іс-шарасы өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/Czu46qHIM4i/?igsh=MjZianhhNmVlYjlh

«9 айға 9 іс-шара» республикалық жоба аясында өткен «Асық ату» челленджі өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/CzvqGGxs_vR/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==

20 қараша күні «Еркін тыныс ал!» Жалпыреспубликалық флешмоб өтті.
https://www.instagram.com/reel/Cz3N-C7svLa/?igsh=MWdtc2J4YzNldHZyNQ==

Педагог-ұйымдастырушы Н.Е.Нұрахметова «Жемқорлыққа жол жоқ!» сынып сағатын өткізді.
https://www.instagram.com/reel/C0BJ1DzsssI/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==

«Жұмбақтас» шаңырақ оқушылар қауымдастығының педагог-ұйымдастырушысы Д.Р.Ханафинаның жетекшілігімен «Наурызбай Кенесарыұлына» арналған «Дара тұлға» жобасы өтті.
https://www.instagram.com/reel/C0BXdBQsg46/?igsh=cTk4ZWgyaXJycWxt

24 қараша «Әкем, шешем және мен» атты отбасылық спорттық сайыс өтті. Сайысқа «Жеке Батыр» және «Көкшетау» шаңырағының оқушылары мен ата-аналарынан құралған 8 команда қатысып, өзара бақ сынасты.
https://www.instagram.com/reel/C0Iz9frteOD/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында тәрбиелік мәні бар әлеуметтік тәжірибелер жүргізілді.
https://www.instagram.com/reel/C1r_nB7MfZN/?igsh=YnN0YW5hNTJua3lt

https://www.instagram.com/reel/C2PWOfbM9ka/?igsh=MXh1cnBoZnRnNmVjMA==
https://www.instagram.com/reel/C0LYvCPo3tl/?igsh=MTBtbXd4enRleWlndw==
https://www.instagram.com/reel/C0Mo7H5MJdv/?igsh=OTk0Y211am53M2F2

1-11 сынып аралығында сыныпішілік және «Ашық алаң» форматында ата-аналар жиналысы өтті.
https://www.instagram.com/reel/C0O4nugMAWZ/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==

Түлектермен Жаңа Жылдық «Қысқы бал» ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/C1WxGdfslvc/?igsh=MXV6eHlwenVpdjg0Nw

Шығармашылық үйірме, спорттық секция жетістіктері:

* қала мектептері мұғалімдерінің арас нда күзгі пікірсайыс турнирінің қалалық қазақ лигасына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жантубетова Айжан Оразбайқызы лицей атынан қатысып, II дәрежелі диплом және ақшалай сертификатпен марапатталды.

* Республика күніне арналған «Қыран елім - Қазақстаным!» пікірсайыс турнирінің қалалық кезеңіне лицей командасы қазақ лигасы бойынша Сатыбалды Абилмансур және Рахметолла Аққу III орын, орыс лигасы бойынша Амангельдиева Санди және Жамбатырова Алина жүлделі I ші орынға ие болды. Жеңімпаздар ақшалай сертификатпен марапатталды дебат үйірме жетекшісі Лескен Расул.

Облыстық пікірсайыс турниріне орыс лигасында Амангелдиева Санди II орын;

*Қалалық жалпы білім мектептердің арасында өткен «Намыс» спартакиада аясында «Мерген» пневматикалық винтовкасынан атыс бойынша 11 сынып оқушылары Қажатай Аялым I орын, Мұрат Жанерке III орын, Есенгожин Асанәли I орын, 10 сынып оқушысы Смагулов Алихан II орын, жетекшісі алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Бекмаганбетов Б.К.

*Ақмола облысы бойынша колледж студентер мен мектеп оқушылары арасында «Тоқта пирамида» облыстық байқауы «Үздік фотосуреттер Стоп-кадр» номинациясында 8 сынып оқушысы Талғатов Дінмұхамед I орын;

* «Тәуелсіздік дарыны» республикалық байқаудың I дәрежелі жеңімпаздары 4 сынып оқушылары Абдульманов Алан, Амангелді Асел, 9 сынып оқушысы Тілеуханқызы Лаура;

* Қалалық тоғызқұмалақ жарысынан 9-11 сынып оқушыларынан құралған команда 3 орын, 7-8 сынып оқушыларынан құралған команда 2 орын, шахмат жарысынан 9-11 сынып оқушылар құрамасы 2 орын, жетекшісі денешынықтыру пәнінің мұғалімі Бигатов С.К.

*Қала мектеп оқушылары арасында футбол жарысынан 9-11 сынып құрама ер балалар командасы 3 орын, жетекшісі денешынықтыру пәнінің мұғалімі Бейсембаев Д.А.

*Теннис 9-11 сынып қалалық-1орын жетекшісі денешынықтыру пәнінің мұғалімі ЖумадильдаевК.

*Қалалы баскетбол жарысында 9-11 сыныптың ер балалар құрамасы 1 орыны, облыста I орын, жетекшісі денешынықтыру пәнінің мұғалімі Узакбавев Б.С.

Алдағы уақытта «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы жоспарлы сапаға бағытталып жүргізіледі.

Лицейде өткен барлық тәрбиелік –тағылымды іс-шаралар әлеуметтік желілерде уақытылы жарияланып, өткен шараларға сараптама жүргізіледі.